

К.А. Батырбекова¹ , С.Р. Боранбаев² , Н.С. Халикова³ 
^{1,2}М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент,
Қазақстан
³Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
Шымкент, Қазақстан
(E-mail: ¹*kamshat.batyrbek@mail.ru, ²sandybai60@mail.ru, ³khalikova_nurila1976@
mail.ru)

Мәмлүк қыпшақтары тілінде жазылған жазба ескерткіштер және «Байтарату'л-вазих» қолжазбасының маңызы

Аңдатпа. Мақалада орта ғасырлық мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер қарастырылып, соның ішінде «Байтарату'л-вазих» ескерткішіне байланысты мәселелер талданады. Қыпшақ жазба ескерткіштер тілінің қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын зерттеу, олардың арасындағы тарихи-генетикалық байланыс пен тарихи даму арналарын анықтауға мүмкіндік туғызады. Мақалада атбегілік пен жылқыға байланысты, әскери өнерге қатысты «Китаб фи рийазати-л-хайл» және «Китаб байтарату-л-вазих», «Муният-ул-гузат», «Китаб фи ғылым ән-нушшаб» атты жазба ескерткіштерге талдау жасалынды. Соның ішінде «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінің ерекшелігі анықталды. «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші – атбегілік пен жылқыға байланысты ветеринарлық қызмет туралы еңбек. «Байтарату'л-Вазих» қолжазбасы – ветеринария саласындағы аса маңызды еңбек ретінде қыпшақ тілінің ғылыми лексикасының дамуын, сондай-ақ ортағасырлық қыпшақтардың мәдени-рухани және әлеуметтік өмірін зерттеуге мүмкіндік туғызатын ақпараттардың жиынтығы. Мақалада бұл қолжазбаның құрылымы, мазмұны, тілі және тарихи мәні талданады, сонымен қатар оның қазіргі тіл ғылымы мен мәдениеттану салалары үшін маңызы қарастырылады.

Орта ғасырлық құнды жазба ескерткіштерді зерттеп, оларға лингвистикалық, тарихи тұрғыдан талдаулар жасаудың қазақ ғылымы үшін маңызы үлкен. Мәмлүк қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштерді ғылыми айналымға түсіріп, олардың ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу бүгінгі таңда қазақ тіл білімі ғылымы үшін үлкен міндеттерді алға тартуда. Мақаланың басты мақсаты – мәмлүк қыпшақ тілінде жазылған орта ғасырлық жазба ескерткіштердің қазақ халқы үшін маңыздылығы мен олардың қазақ халқы ғылымы мен мәдениеті үшін орнын айқындау және «Байтарату'л-вазих» атты еңбектің басты ерекшелігін анықтау.

Түйін сөздер: мәмлүк-қыпшақ тілі, орта ғасырлық қолжазбалар, тарихи жазба мұралар, «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші, атбегілік, ветеринарлық кітап, этникалық топтар.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-149-4-45-60>

Түсті: 02.12.2024; Жөнделді: 10.12.2024; Мақұлданды: 19.12.2024; Онлайн қолжетімді: 28.12.2024

¹ Хат-хабар үшін автор

Кіріспе

Әрбір халықтың рухани әлемінің қайнар көзі көне тарихтардан бастау алады. Адамзат қоғамының ажырамас бөлігі болып табылатын тілдің дамуы халықтың тарихымен тығыз байланысты. Тілдің қалыптасуы мен дамуы үздіксіз және күрделі процесс. Ол әлеуметтік, мәдени және тарихи факторлардың ықпалымен жүзеге асып, ғасырлар қойнауында үнемі өзгеріп, дамып отырды. Тіл тарихын зерттеу арқылы белгілі бір халықтың мәдениеті, тарихы және этногенезі туралы маңызды әрі құнды мәліметтер ала аламыз. Сонымен қатар, тіл тарихын зерттеу тілдік құбылыстардың өзгеру үдерісін түсінуге мүмкіндік береді. Тілдің өзгеруіне әсер ететін ішкі және сыртқы себептер тіл дамуының өзіндік заңдылықтары. Көне түркі тілінің табиғи болмысы ғасырлар бойы көптеген өзгерістерге ұшырады.

Тілдің тарихи даму заңдылықтарын зерттеу – жалпы тілтану ғылымының күрделі мәселелерінің бірі. Белгілі бір кезеңде өзгеріске түсіп отыратын тілдік құбылыстардың сырын білмейінше, тілдің өзіндік сипатын, мән мағынасын түсіну мүмкін емес. Осы орайда, тарих тереңінде жатқан жазба ескерткіштердің тілін зерттеу, қазақ тілінің тарихи дамуын зерделеуге мүмкіндік туғызады. Тіл біліміне қатысты түркологиялық зерттеулер қай уақытта да тілші ғалымдардың назарын өзіне аударған күрделі мәселелердің бірі. Түркітану мәселелеріне өзіндік пікір айтып, жан жақты зерттеу жүргізген В. Варгольд, В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский, С. Малов, В. Владимирцев, Г. Рамстедт, Н.А. Баскаков, В. Томсен, А.Н. Кононов, А.Н. Самойлович, Н. Катанов т.б. ғалымдарды ерекше атауымызға болады. Отандық түркітану ғылымындағы зерттеу Ш.Уәлихановтан бастау алады. Түркі тілдерінің табиғи болмысын, дамуы мен қалыптасуын ғылыми негізде зерттеген А. Байтұрсынов, С. Аманжолов, А. Аманжолов, Қ. Жұбанов, Ә. Марғұлан, М. Томанов, Ф. Айдаров, М. Балақаев, Ә. Қайдар, Ә. Құрышжанов, М. Оразов, Б. Сағындықов, Р. Сыздықова, т.б. ғалымдар еңбектері қазақ тіл білімінің түркологиялық өрісін кеңейтті.

Түркі тілдерінің даму тарихын зерттеуде орта ғасырлық кезең ерекше маңызға ие. Бұл кезеңде түркі халықтарының мәдениеті, әдебиеті және тілі айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, тарихи оқиғалар арқылы үлкен даму жолынан өтті. Орта ғасырда қыпшақ тілі кең тараған маңызды тілдердің қатарында болды. Түркі тілдерінің негізгі бөлігінің түп тамыры болып есептелген қыпшақ тілінің өз кезеңінде Алтайдан Дунайға дейінгі аймақтарда қолданылуы оның тарихи және мәдени маңызын байқатады. Өз кезеңінде қыпшақ тілі халықтар арасында қарым-қатынас тілі ретінде халықаралық деңгейге көтерілді. Сонымен қатар, орта ғасырда қыпшақ тілі ғылым тілі, әдебиет пен жазба ескерткіштердің тілі, іс-қағаздар тілі, сауда, әскери басқару тілі ретінде қолданыста болғандығы белгілі. Орта ғасырдағы қыпшақ тілінің Еуразия және Жерорта теңізі аймақтарындағы үстемдігі қыпшақтардың көшпенділік өркениеттің биік үлгісін байқатады.

Мәмлүктер билігі кезінде Мысыр мен Сирия жерлерінде қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштердің біразы Европа елдерінде және Түркияның сирек жазбалар қорында сақталған. Шетелдік кітапханалар мен мұрағаттар қорларында сақталған барлық түркі халықтарына ортақ құнды жазба ескерткіштердің түркі халықтары үшін алар орны ерекше. Аталған ескерткіштерді зерттеу жалпы түркі халықтарының тілін, соның ішінде қыпшақ тобынан шыққан қазақ тілінің тарихи даму жолын анықтауда маңызды орын алады. Мәмлүк билігі кезіндегі жазба ескерткіштерді М. Хоустма, А. Зайончковский, Ш. Телегди сияқты ғалымдар әлемдік мұрағаттардан тауып, баспадан шығарды. Оларды аударып, тілдік ерекшеліктеріне тоқталды. Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған құнды ескерткіштерді Х. Кун, М. Хоустма, А. Зайончковский, Ш. Телегди, Ә. Наджип, Ә. Фазылов, Р. Ермерс т.б. шетелдік ғалымдар зерттеген. Мәмлүк-қыпшақ тіліндегі ескерткіштер туралы алғаш ғылыми зерттеу жүргізген Б. Аталай, А. Инан, Р. Топарлы сынды түрік ғалымдарын ерекше атап өтсек болады. Аты аталған ғалымдар көптеген қолжазбаларды мұрағаттардан тауып, ғылыми айналымға түсуіне себепкер болған. Түрік ғалымдарынан М. Өзиев, С. Гөгенлі, Х. Йанык, Ж. Демирджи, М. Ағар, т.б. түрік ғалымдары мәмлүк-қыпшақ ескерткіштерін қарастырған. Зерттеу нысанына алынған «Байтарату-л-вазих» жазба ескерткіші мәмлүк

қыпшақ тілінде жазылған орта ғасырлық құнды жазба ескерткіштерінің қатарында. «Байтарату' л-вазих» жазба ескерткіші Мехмет Эмин Ағардың, Джан Озыгюрдің және Куртулуш Озтопчунуың басшылығымен басылды.

Қыпшақ тайпаларының этногенезі мен туыстық шығу тегі мәселелеріне тілдік, тарихи тұрғыдан зерттеулер жүргізіп жүрген А. Құрышжанов, Т. Арынов, Б. Көмеков, Б. Сағындықов, Ә. Керімұлы, А. Ибатов, С. Ақынжанов, А. Гаркавец, А. Қадырбаев, С. Құдасов, Қ. Саки, Б. Батыршаұлы, Қ. Анарбаев, С. Боранбаев, Б. Сүйерқұл, М. Сабыр, Қ. Садықбеков т.б. сынды ғалымдарды атап өтсек болады. Ә.Н. Наджип, Ә.И. Фазылов, А. Юнусов, М. Зияев, А. Құрышжанов, М.Н. Маженова, Т. Арынов, А.З. Рүстемов, С. Дүйсенов, М.Б. Сабыр, А. Әлібекұлы, Е. Есбосынов, Т. Қыдыр, Қ. Саки, Қ. Садықбеков, Қ. Қыдырбаев, Қ. Аубакирова, А. Мұстафаева сияқты зерттеушілер мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштерді зерттеп, ғылыми айналымға түсірген. Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жәдігерлер ғалымдардың зерттеу нысанына айналғанымен, ендігі бір бөлігі тілші ғалымдардың алдына көп міндеттерді қойып, жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Әдістеме және зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысы барысында қазақ тілінің тарихи дамуын зерттеуге септігін тигізетін мәмлүк-қыпшақ тілдерінде жазылған орта ғасырлық еңбектерге, соның ішінде «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішіне талдау жасалынды. Мақаланы жазу барысында төмендегідей әдістер қолданылды: *деректерді жинау, талдау, библиографиялық, жинақтау, жүйелеу, топтау, тұжырымдау, сұрыптау, сипаттау, тарихи-салыстырмалы* т.б. Мақалада қарастырылған мәселе бойынша түркітанушы ғалымдардың осы кезең жазба ескерткіштеріне қатысты ой-пікірлері жүйеленді. Мәмлүк-қыпшақ тілдерінде жазылған орта ғасырлық жазба ескерткіштер мен «Байтарату' л-вазих» еңбегін зерттеуде түрік ғалымдары мен отандық ғалымдардың еңбектері жинақталды. Тіл білімі саласында зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектері, олардың түркі тілдерінің дамуына қатысты айтқан теориялық пайымдаулары, ғылыми нақты көзқарастары келтірілді. Орта ғасырлық мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері жайлы тарихи деректерді талдауда деректанулық талдауды қолданудың маңызы зор. Атбегілік пен жылқыға байланысты ветеринарлық қызмет туралы «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші жайлы отандық ғылымда айтылғанымен, жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған. «Байтарату'л-вазих» және мәмлүк қыпшақ тілінде жазылған басқа да жазба ескерткіштерді зерттеуге арналған еңбектерді жүйелеу, тақырыптың зерттелу деңгейіне шолу жасауға мүмкіндік туғызады.

Түркі тілдерін, соның ішінде қыпшақ тобына кіретін қазіргі қазақ тілінің қалыптасу, даму тарихын зерттеуде, олардың тарихи-салыстырмалы грамматикасы мен тарихи лексикологиясын анықтауда, әр тілдің өзіне ғана тән қыр-сыры мен ерекшелігін айқындауда орта ғасырлық қыпшақ жазба ескерткіштерінің алар орны ерекше. Әсіресе, мәмлүк қыпшақ жазба ескерткіштері тілін зерттеу қыпшақ тобындағы тілдердің даму тарихын зерделеуге жол ашады.

Талқылау мен нәтижелер

Орта ғасырдағы қыпшақтар саяси-тарихи маңызды орында болды. Тамыры тереңде жатқан түркі халықтарының төл тарихында қыпшақтардың алар орны ерекше. Әсіресе қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуының негізі орта ғасырлық қыпшақ қоғамымен тікелей байланысты. «Қыпшақ халқының қалыптасуына ортақ әдеби тілдің пайда болуы үлкен үлес қосты. Қазақ тілінің ежелгі арнасы және қазақтың түр-түсінің қалыптасуы да дамып-жетілудің өзіндік бір жағы болып саналады. Орта ғасырдағы қыпшақ тегінің бір арнаға құйылып, үлкен халыққа айналуы да қазақ этногенезімен тікелей байланысты еді. XI-XII ғғ. қыпшақ ру-тайпаларының бір арнаға құйылып жетілуі қазақ ұлтының дүниеге келуінде маңызы зор болды» [1, 13].

Қыпшақтардың тарихында Мәмлүк мемлекетінің құрылуы маңызды тарихи оқиғалардың бірі болып саналады. «Жазба жәдігер құрамынан лауазымдық атауларды анықтау барысында қыпшақ хандығы құрамында белгілі бір саяси-әлеуметтік мемлекеттік құрылым болғанын анықтау, сондай-ақ лауазымдық атаулар, әскери қару-жарақтар мен әкімшілік-құқыққа қатысты тарихи бірліктер мен архаизмдерді тауып, олардың қазіргі қазақ тіліндегі этнолингвистикалық сипатын таныту қазіргі кезең үшін маңызды шаруа» [2, 69]. Қыпшақтар араб және ислам әлемінде үлкен ықпалға ие болды. Мәмлүктер әскери және саяси құрылымдарға әсер етіп, мемлекет басқару ісіне тікелей араласты. Мәмлүктер билік еткен кезеңде Мысыр мен Сирия жерлерінде негізгі қатынас тілі қыпшақ тілі болды. Осылайша қыпшақ тілі мемлекеттік тіл дәрежесіне дейін көтерілді. Қыпшақ тілінің ықпалы көптеген әдеби-мәдени мұралардың дүниеге келуіне де әсер етті. Далалық көшпелі өркениеттің ықпалы негізінде пайда болған ескерткіштердің бір тобы – мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері. Қазіргі қазақ тілінің қалыптасуына негіз болған көне қыпшақ ауызекі тілі мен көне қыпшақ жазба әдеби тілі мәмлүк-қыпшақ дәуірінде өркендеп дамыды. Орта ғасырларда қыпшақ тілінде көптеген грамматикалық еңбектер, сөздіктер, әдеби шығармалар жазылып мұра болып қалды. Қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер бүгінгі таңда рухани-мәдени құндылықтарымыздың бірі ретінде бағалануда.

Қыпшақтар – орта ғасырлық түркі тайпаларының бірі. Қыпшақтар өз заманында орасан зор аймаққа билік жүргізіп, саяси-этникалық өзгерістерге ықпалын тигізді. «Орта ғасыр заманында қыпшақтар ұлан байтақ территорияны мекендеген. Солтүстік Кавказ таулары мен Қырым қырқаларынан бастап Балқаш көлінің маңайындағы иен даланы түгел қамтыған. Осынша жердің барлығы Дешт-и-Қыпшақ («Қыпшақ даласы») деген жалпы атаумен аталған. Қыпшақтар бұдан да басқа жерлерде, Египет пен Сирияда, Батыс Украина аймағы мен Шығыс Европа елдерінде де өмір сүрген» [3, 44].

Дешті Қыпшақ даласынан Жерорта теңізіне дейін жетіп, ол жерлерде билік құрған қыпшақтар Мысырда өз билігін жүргізген. Бұл кезең мәмлүк қыпшақтары мемлекет ісін өз қолдарына алып, патшалық құрған кезең болып есептеледі. Мәмлүк қыпшақ кезеңі ірі тарихи оқиғалармен байланысты болды. 1250 жылы ортағасырлық Мысыр сұлтандығының негізін қалаушы Айюбидтер әулеті қожайындарынан өкімет билігін тартып алған мәмлүктер 1517 жылға дейін мысырлықтарға билік жүргізді. Бастапқыда патшаның күзетшісі қызметін атқарған құлдар, уақыт өте келе, ақылы мен айласы, ұйымдастырушылық қабілеттерінің мықтылығының арқасында әскери және әкімшілік орындарды иемденіп, билеуші тап, мемлекет қайраткерлері дәрежелеріне дейін көтерілген. Тарихи деректерге сүйенсек мәмлүктер негізінен, қыпшақ өкілдерінен шыққан жауынгер құлдар болып саналады. Мәмлүк араб тілінен кірген кірме сөз. «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздерінің түсіндірме сөздігінде» мәмлүк сөзіне мынадай анықтама берілген: «Мәмлүк – 1. Құл. 2. Иелігіндегі қол астындағы. 3. Мысыр сұлтандарының түркілік құлдардан құрылған әскері [4, 353].

Мысырдағы мәмлүк сұлтандарының билігі өз заманының елеулі оқиғаларың тарихта қалуына негіз болды десек болады. Өйткені билік басындаға әкімшілік, ел басқару, әскери, мәдени істерге біршама өзгертулер енгізді. Мысалы, басқару жүйесі қайта құрылып, өздеріне дейінгі қалыптасқан әскери құрылымды сақтап, атты сарбаз әскери жасағын өте жоғарғы деңгейде дамытты. Ғылым мен әдебиет дамып, түркі тіліндегі оқулықтар мен әдеби шығармаларды араб және парсы тілдеріне немесе керісінше араб және парсы әдеби шығармаларын қыпшақ тіліне аудартты. Билік басындағы мәмлүк-қыпшақ сұлтандарының ордаларына Алтын Орда мен Түркістаннан келген оқымыстылар қоныстанды. Осы кезеңнен мәмлүк-қыпшақ әдеби тілінде жазылған әртүрлі бағыттағы еңбектерді дүниеге келді. Атап айтсақ, лексикографиялық-грамматикалық сөздіктер, әдеби еңбектер, діни, әкімшілік іс, соғыс өнері мен ат бегілікке қатысты, мал дәрігерлік сарында жазылған дүниелер. Сондай-ақ араб тілді білімпаздар өз елінің мүддесі үшін қыпшақ тілін оқып үйрену мақсатында түркі тіліне қатысты алуан түрлі сөздіктер, грамматикалық оқулықтар, үлкен-кішілі анықтамалар мен нұсқаулықтар жазып шықты. Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған мұндай еңбектер сол кезеңдегі өмір талабына байланысты туындаған

еңбектер болды. Уақыт өте келе, мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер тілдік деректер мен тарихи-мәдени ақпараттарды бойына жинақтаған құнды жәдігерлерге айналды. Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштерді тарихи әрі тілдік тұрғыдан талдау, қыпшақ тобындағы тілдердің қалыптасу заңдылықтарын зерттеуге үлкен мүмкіндік туғызады. Ғалым М. Сабыр «Қыпшақтану» еңбегінде «Түркітануда көне қыпшақ жазба ескерткішінің зерттелуі, жүйеленуі, олардың тілінің фоно-морфо-семантикалық тұрғыдан қарастырылуы өзекті мәселе» деп тұжырымдайды [5, 38].

Белгілі бір этностың дүниетанымы, мәдениеті, шаруашылығы, салт-дәстүрі мен наным-сенімдері тілі арқылы көрініс тауып отырады. Тілдің өзіндік ұзақ даму тарихы бар. Қаншама ғасырларды артқа тастаған тіл уақыт өте келе, фонетикалық, лексика-семантикалық өзгерістерге ұшырайды. Уақыт өте келе мағынасы күңгірттенген, тіпті халық жадынан жоғалтып алған атаулардың сырын ашуда тарих қойнауында жатқан жазба мұралардың орны ерекше. Сондай жазба ескерткіштердің үлкен тобына орта ғасырлық қыпшақ тілінде жазылған құнды жәдігерлерді айта аламыз. Сирия мен Мысыр жерлерін мекендеп билік жүргізген қыпшақтар жергілікті халықтардың саяси-әлеуметтік және рухани-мәдени, ғылыми өміріне қатты ықпал жасады. Мысырда туындаған көптеген аңыздар, нақты тарихи оқиғалар, дәстүрлер, сәулет ескерткіштері мәмлүк билігімен тікелей байланысты туындаған, ал сол кезеңде дүниеге келген жазба ескерткіштер түркология ғылымында мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері деп аталады. «Түрік сұлтандарының үкіметі айбынды еді: олар өз ана тілінде сөйлейтін, басқару биліктерін де осы тілде жүргізетін. Түркі тілі туған тілге лайықты құрметке ие болатын. Мемлекет басшылары мен түркі халықтарының ұйытқысы негізінен қыпшақтар болғандықтан, сұлтан сарайының маңындағылар қыпшақ тілінде жазып, қыпшақ тілінде сөйлеген. Қыпшақ тілі мәмлүктер мемлекетінде түркі тайпаларының әрі ауызекі сөйлеу тілі, әрі жазба тілі (іс қағаздары, ғылыми еңбектер, әдеби шығармалар жазылатын тіл) болып тұрды. Ол дәуірде бұл тілде қолтума көркем әдебиет шығармалары мен аударма әдебиеттер де туындай бастады» [3, 53].

Тарихта өзіндік із қалдырған түркі-қыпшақ тіліндегі құнды жазба ескерткіштердің бір бөлігі Мысыр мен Шам аймағында пайда болған. Мәмлүктер билігі кезеңінде Мысырда кеңінен қолданылған мәмлүк-қыпшақ тілі әртүрлі тақырыптық-мазмұндық сипаттағы жазба ескерткіштердің пайда болуына тікелей әсер етті. Мәмлүк қыпшақ кезеңінде түркі (қыпшақ) тілін үйрену мақсатында әртүрлі грамматикалық сипаттағы еңбектер мен сөздіктер пайда болған. «*Китаб ал-идрак ли лисани эл-атрак*», «*Китабу мажжму' тарджуман турки уә а'джамии уә муғули уә фарси*», «*Китаб эт-тухфа аз-закийя фил-луғати ат-туркийя*», «*Әл-Қауанин эл-куллийа лидабт эл-луғат-эт-туркийя*», «*Китаб ад-дурра ал-мудыййа фи эл-луға эт-туркиййа ала эт-тамам уә эл-кәмәл*», «*Китаб эл-булғати эл-муштақ уә фи луғати эт-турк уә эл-қифджақ*», «*Әш-Шудур ад-заһабия уә эл-қита эл-ахмадия фи эл-луғат эт туркия*» атты еңбектерді осы сипатта жазылған жазба ескерткіштердің қатарына жатқыза аламыз.

Мәмлүктер дәуірінде жазылған еңбектердің бір бөлігі әдеби, мәдени еңбектердің қатарын құрайды. Әдеби жанрда жазылған шығармалардың қатарына «*Китаб Гулистан бит турки*», «*Диуани Қансуһ эл-Ғаури*» сынды жазба ескерткіштерді жатқызуымызға болады.

Мәмлүк кезеңінде діни-дидактикалық бағытта «*Иршад ал-Мулуук уә ас-салатин*», «*Китабу эл-Мақаддима Әбу Лайс әс-Самарқанди*», «*Китабу эл-Фикһ*», «*Китабу эл-Фикһ билисани ат-түрк*», «*Муқаддиматул-ғазнауи фил-Ибат*», «*Ал-Анвар ал-мудиа*», «*Китаб әд-Дағва*», «*Иршад-ул-Мулуук уә әс-Салатин*», «*Неһжул Ферадис*» атты жазба мұралар жазылған.

Мәмлүк қыпшақтары билік жүргізген аймақта жазылып осы күнге келіп жеткен ескерткіштердің ендігі бір тобын әскери сарында жаугершілік, соғыс өнері, атбегілік тақырыптарында жазылған шығармалар құрайды. Мәмлүк сұлтандары билік құрған тарихи кезеңде мәмлүктер соғыс өнерін шебер мерген сарбаздардан құралды. Мәмлүк қыпшақтарының соғыс алаңындағы ең сенімді серігі жылқы болып есептелді. Египет жерінде жүріп мініс аттарын Дешті Қыпшақтан алдырған мәмлүктер өз заманында жылқы,

оның түрлері, оларды баптау мен емдеу туралы арнайы еңбектер жаздырған. Мәмлүк қыпшақтарының қоғамында жылқының орны ерекше болған. Мәмлүк-қыпшақтары жылқы малын ерекше қадірлеген. Жылқылар мәмлүк қыпшақтарының әскери күшінің негізгі қайнар күші ретінде саналған. Әскери өнерге жан-жақты дағдыланған жауынгерлік рухы жоғары мәмлүктер ат үстінде соғысудың, садақпен оқ ату мен қылыштасудың шеберлері болған. Әскери дайындығы мен тәртібі жоғары деңгейде болған мәмлүк сарбаздарының жауынгерлік әдістері мен тактикасы арқылы ерекше көзге түскен.

Атбегілік мәмлүк қыпшақтары мәдениетінің маңызды бөлігі ретінде саналған. Мәмлүктер жылқыны тек көлік ретінде ғана емес, сонымен қатар соғыс өнерінің ең үздік құралы ретінде пайдаланған. Жылқының күтімі, оны баптау мен үйрету, жылқы малын емдеу мәмлүк қыпшақтары өмірінің негізгі бір бөлшегі ретінде саналған. Жылқы бәйгелері мен түрлі ат спорттары мәмлүк қыпшақтарының дәстүрлерінде маңызды орын алған. Ат спорттары арқылы олар өздерінің әскери дайындықтарын жетілдіріп, дене шынықтыруларын арттырған. Жылқылардың денсаулығы мәмлүк қыпшақтары үшін өте маңызды болған. Олар жылқыларды емдеудің түрлі әдістерін қолданған және бұл салада білікті мамандар болған. Жылқы ауруларын емдеудің дәстүрлі әдістерін қолдана отырып, олар өздерінің әскери күшін сақтау үшін жылқылардың денсаулығын бақылап отырған. Мәмлүк-қыпшақтары жылқы малын күтіп-баптау және емдеу жұмыстарымен айналысып, мал дәрігерлік саласында да үлкен тәжірибе жинақтаған. Атбегіліктің қыр-сырын толық меңгерген мәмлүк қыпшақтарының бойындағы бұл қасиет олардың жауынгерлік қабілетін арттырып, басқа мемлекеттер арасындағы құрметі мен беделін қуаттай түскен. «Қыпшақтан шығып, Египет пен Сирияны (1250-1382 жылдар аралығында) мәмлүк сұлтандары мен бектері жылқының қадірін шын мәнінде білген билеушілер. Олар жылқы малына мылқау хайуан емес, мәмлүктің әскери серігі, соғыс құралы деп қараған. Жат жердегі қыпшақ үстемдігі шабандоз бен сәйгүлікке негізделген және осы екі фактордан туындаған абсолюттік билік болғандығы белгілі» [6].

Египет пен Сирияны билеген мәмлүк әскері әскери өнер мен атбегіліктің қыр сырын жан жақты меңгерген сарбаздардан құралды. Мәмлүк сұлтандары мен бектері жылқының қадірін шын мәнінде білген, оларды әскердегі ең сенімді серік, соғыс құралы ретінде қараған. Шабандоз мәмлүктер сәйгүлік аттарға мінуді ғана емес, ат үстінде садақ атып, найзамен түйреп, қылыш сілтеу, шоқпармен соғу сияқты соғыс өнерінің шеберлігін де меңгерген. «Сұлтан Бейбарыс», «Қыпшақ мәмлүктер», «Бағдаттағы Жалайыр билігі» зерттеулердің, «Мәмлүктер – соғыс өнері» атты кітаптың авторы шығыстанушы, мәмлүктер тарихын зерттеуші, арабтанушы Қайрат Сәки мәмлүк қыпшақтары туралы көптеген зерттеулер жасаған. Мәмлүктанушы ғалымның мәмлүктердің атбегілік өнері атты зерттеуінде мәмлүк қыпшақтарының өздеріне мініс атын сонау Дешті Қыпшақтан алдырғаны жөнінде тарихи деректер келтіреді. «Мәмлүк дәуірінде жылқы, оның түрлері, оны баптап, емдеу туралы жазылған арнайы шығармалардың саны оннан асады. Көптеген тарихшылар жанама жазса да бұл тақырып жөнінде қалам тартқан» деп атап көрсетеді ғалым Қайрат Саки [6].

Атбегілік пен жылқыға байланысты, әскери өнерге қатысты орта ғасырлық мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштерінің қатарына «*Китаб фи рийазати-л-хайл*» (немесе «*Китаб ал-хайл*») және «*Китаб байтарату-л-вазих*», «*Муният-ул-гузат*», «*Китаб фи ғылым ән-нушшаб*» ескерткіштерін жатқызамыз. Мәмлүктанушы Қ.Сәки мәмлүк қыпшақ тілінде жазылған атбегілік, жылқы малы туралы жазылған еңбектер туралы мынандай пікір білдіреді: «Тек мәмлүк дәуірінде жылқы, оның түрлері, оны баптап, емдеу туралы жазылған арнайы шығармалардың саны оннан асады. Көптеген тарихшылар жанама жазса да бұл тақырып жөнінде қалам тартқан» [6]. Атбегілік, соғыс өнеріне әскери – іске қатысты, ветеринария ісіне қатысты жазылған жазба ескерткіштер мәмлүк-түрік әскери әдебиетінің және атбегілік туралы жазылған еңбектердің озық үлгілері.

«*Китаб фи рийазати'л-хайл*» (арабша: *كتاب الرماية* - «Атбегілік туралы кітап») атты жазба ескерткіші мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған түрік жылқысы мен ат спорты,

шабандоздық, атбегілік және ат аурулары мен оны емдеу шаралары туралы жазылған еңбек. Бұл кітапта жылқылардың түрлері, олардың күтімі, жаттықтыру әдістері және ат спорты туралы жан-жақты мәліметтер беріледі. Бұл еңбек түркі тілдері мен мәдениеттерін зерттеушілер үшін құнды дерек көзі болып табылады. Сондай-ақ, бұл кітап Мәмлүк дәуіріндегі қыпшақтардың тілі мен мәдениеті туралы маңызды мәліметтер ұсынады. Жазба ескерткіштің екі нұсқасы бар. Біріншісі Ыстамбұл нұсқасы мен Париж нұсқасы сақталған. Жазба ескерткіштің Ыстанбұл нұсқасы Баязит кітапханасының Уәли әд-Дин әфәнді бөлімінде 3176 нөмірмен сақталған. Екінші нұсқа Франция Ұлттық кітапханасында 197 нөмірмен сақталған. «Китаб фи рийазати'л-хайл» жазба ескерткішінде жылқының физиологиясы мен анатомиясына байланысты мағлұматтар жинақталған. Жылқының бойындағы қасиеттер, жылқының дене құрылымына байланысты таңдау, жылқыны жаттықтыру әдістері, жылқыны азықтандыру және оның бойында кездесетін ауру түрлері мен оны емдеу жолдары сияқты т.б. атқа байланысты мәселелер қамтылған.

Мәмлүк-қыпшақ кезеңінде араб тілінен аударылған кітаптардың ішінде ветеринарлық тәжірибеге арналған кітаптар бар. Мұндай кітаптарды ветеринарлық кітаптар (байтарнаме) деп атайды. Жылқыға сипаттама беріп, жылқының адам өміріндегі маңызы, түсі, аттың жүрісі, күтімі, ат баптау мен оларды жаттықтыру әдістері, жылқы аурулары мен оларды емдеу жолдары, жақсы жылқы таңдау әдістері жайлы жазылған еңбектерді «Байтарнаме» деп аталды. Түрік тілінде *baytar* сөзі «ветеринар, мал дәрігері» (орысша: ветеринарный врач, ветеринар) деген, ал *baytarlik* мал дәрігерлік мамандық деген мағынаны білдіреді [7, 108].

Орта ғасырлық мұсылман әдебиетінде «фурусийа» жанры атбегілік өнерге байланысты қалыптасқан. Араб тілі сөздіктерінде *فُرُوسِيَا* «*furūsiyya*» сөзі «атқа міну, шабандоздық» және «рыцарьлық» («верховая езда, наездничество» и как «рыцарство») деген мағынаны білдіреді [8, 413]. «Фурусийа» термині «атқа міну, шабандоздық» мағынасын беруден де кең мағынаға ие. Ол шабандоздық өнерді, атты жаттықтыруды, ат үстінде қару жарақты пайдалану әдістерін және атты әскердің ұрыс даласында қалай әрекет ету дағдыларын қамтиды. Орта ғасырлық мұсылман әдебиетінде «фурусийа» жанрының негізін салушы Ибн Ахи Хизам. Оның «Китаб әл-фурусия уа-л-байтара» шығармасы «фурусийа» жанрында жазылған. Мұсылмандық орта ғасырда бұл лексема текті жауынгердің, әсіресе салт аттылардың ие болуы тиіс білім мен дағдыларының жиынтығын кең мағынада білдіретін термин ретінде қолданылған. «Фурусийа» термині VIII ғасырдың екінші жартысында орталығы Иракта орналасқан Аббасид халифатының гүлдену кезеңімен байланысты туындаған. Бұл жанрдағы шығармаларда атқа міну, найза және әртүрлі ұрыс қарулары, жаяу немесе атпен садақ ату, қару түрлері, әскери тактика мен стратегия, сонымен қатар жылқы шаруашылығы мен ветеринария туралы мағлұматтар беріледі. Аббасид дәуірінде «фурусийа» жанрының дамуының бастауында IX ғасырда өмір сүрген «Китаб әл-фурусия уа-л-байтара» кітабының авторы Ибн Ахи Хизамды атауға болады. Сонымен қатар, ибн Ахи Хизамның көптеген қолжазбалары XIV ғасырға дейін көптеген бұрмалануларға ұшырған. Осы кезеңде «Китаб әл-фурусия уа-л-байтара» жазба ескерткіші бойынша жұмыс жасаған мәмлүк авторы Мұхаммед ибн Менгли осы кітаптың орасан зор пайдалылығын атап өтеді. Ол кітаптың жазылу тарихы, шығу тегін ғана емес авторының аты-жөнін де нақтылауға тырысқан. Оның басты себебі, ибн Ахи Хизамның есімі араб дереккөздерінде әртүрлі жазылған. Ибн Ахи Хизамның толық аты-жөні қандай болғандығы туралы қазіргі зерттеушілердің арасында да ортақ келісім жоқ. Кейбір ғалымдар Ибн Ахи Хизамды Мухаммад ибн Я'куб ибн Галиб ибн Али ал-Хуттали (Ш. Ал-Сарраф және Д. Никол) деп атаса, кейбірі Мухаммад ибн Я'куб ибн ахи Хизам ал-Хуттали (В. Гебель және М. Хайде), Абу Абдаллах Ибн Ахи Хизам ал-Хуттали (А. Эль-Касри және Дж. Хоссайни Хилали), Насыруддин Мухаммед ибн Я'куб ибн Ахи Хизам эль-Хуттели (Т. Велиоглу) деп атайды. [9, 1003]. Ғалымдардың айтуынша Ибн Ахи Хизам атының басқа да нұсқалары кездеседі. Қолжазбаларда «Ахи» кейде «Аби» деп, ал «Хизам» сөзі «Хаззам» деп те келеді екен.

«Фурусиййа» жанры XIII-XVI ғасырларда Мәмлүктер билік жасаған Египетте кеңінен дамыды. Фурусиййа шығармаларында көбінесе аттардың қасиеттері, оларды баптау әдістері, жалпы атбегілік өнерге байланысты мағлұматтар жазылады. Бұл жанр қоғамның әскери, спорттық, және мәдени өмірінде маңызды рөл атқарды, әсіресе Мәмлүктер кезеңінде, онда ат спортына ерекше көңіл бөлінді. Мәмлүк-қыпшақ кезеңіндегі «фурусиййа» жанрындағы еңбектер Аббасидтер кезінде қалыптасқан дәстүрдің жалғасы болатын. Аббасидтер дәуірінде «фурусиййа» жанрының қалыптасуы мен дамуының бастауында IX ғасырда өмір сүрген ибн Ахи Хизам болатын. Ибн Ахи Хизамның «Китаб әл-фурусия уа-л-байтара» еңбегі құнды жазба ескерткіштердің қатарында болды. Қазіргі таңда ғалымдардың зерттеуі бойынша «Китаб әл-фурусия уа-л-байтара» еңбегі мәмлүк-қыпшақ кезеңінде атбегілікке, ветеринарияға, әскери өнерге байланысты еңбектердің туындауына себеп болған. Ибн Ахи Хизамның «Китаб әл-фурусия уа-л-байтара» атты еңбегі екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі «Китаб әл-байтара» жылқы шаруашылығы мен ветеринарияға байланысты жазылған. Екінші бөлімі «Китаб әл-фурусиййа» деп аталады. Екінші бөлімде әскери өнер жайлы баяндалады. «У истоков же развития жанра «фурусиййа в аббасидской эпоху стоит имя жившего в IX в. Ибн Ахи Хизама, создателя книги «Китаб әл-фурусиййа ва-л-байтара», во многом определившей рамки и задавшей направление его дальнейшему развитию и широко цитировавшейся более поздними авторами» [9, 1003]. Ибн Ахи Хизамның «Китаб әл-фурусия уа-л-байтара» еңбегін кейінгі кезеңдегі авторлар өз шығармаларын жазуда кеңінен пайдаланғаны белгілі. Бұл жазба ескерткіште араб халифатының әскери істері, ветеринария және жылқы шаруашылығы туралы мәліметтер мол.

Ислам әлемінде Аббасид кезеңінен бастау алған жылқыға байланысты еңбектер екі бағытта жазылған. Оның бірі жылқы аурулары мен оларды емдеу әдісіне байланысты жазылған шығармалар «байтарнаме» деп аталса, салт атпен жүру, ат үстінде садақ ату, қару жарақ жөніндегі шығармалар «Fürûsiye», «Haylînâme», «Feresnâme» деп аталған.

- «فُورُوسِيَّة» (Fürûsiye) – ат спорты немесе жүйрік аттарды тәрбиелеу өнері. Бұл сөз араб және түрік әдебиетінде ат өнеріне қатысты айтылады.

- «هَيْلِيْنَامَة» (Haylînâme) – «Аттар кітабы» немесе «Аттар туралы жазбалар». Бұл сөз аттар мен олардың қасиеттері туралы мәліметтер жинақталған шығармаларды білдіреді.

- «فِرَسْنَامَة» (Feresnâme) – «Жүйрік аттар кітабы». Бұл да аттар, олардың қасиеттері, баптау және жарыстар туралы мәліметтер жинақталған шығармаларды білдіреді. Бұл сөздер, негізінен, ат спорты мен атқа байланысты жазылған жазба ескерткіштерде қолданылатын терминдер

Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған орта ғасырлық жазба ескерткіштің бірі – «Муният-ул-гузат» (арабша: «أنازغلا تيينم») – бұл орта ғасырлық түркі (қыпшақ) жазба ескерткіштердің бірі. Ол XIV ғасырда жазылған және мәмлүк қыпшақтарының мәдениеті мен тілін зерттеуде маңызды дереккөз. Бұл еңбек әскерилер мен жауынгерлерге арналған нұсқаулық ретінде жазылған және әскери істер, жауынгерлік өнер мен тактика, сондай-ақ сол кезеңдегі әскери тәртіп пен ережелер туралы мәліметтерді қамтиды әскери-техникалық трактат. Орта ғасырлық түркі әскери әдебиетінің мазмұнды әрі ең көлемдісі болып табылады. Қолжазба 116 беттен тұрады. Қазіргі таңда жазба ескерткіш Ыстамбұлда Топкапы сарайы Ш. Ахмет кітапханасында 3468 номері бойынша сақталған. Жазба ескерткіш мәмлүк-қыпшақтардың шайқас алаңындағы әскери өнері мен дәстүрлері, атпен жүру, найза өнері, қылыштасу, садақпен ату, «чогван ат ойыны» жайлы мағлұматтар берілген тараулардан тұрады. «Муният-ул-гузат» жауынгерлік өнер туралы құнды ескерткіш. «Чогван ат ойыны» ақсүйектер ойыны болып саналған және орта ғасырларда Шығыс елдерінде атты әскерлерді дайындаудың маңызды құрамдас бөлігі болып есептелген. Бұл жазба ескерткішті мәмлүк-қыпшақ әскербасы Темір бектің әмірімен аты-жөні белгісіз аудармашы аударған. Араб тілінен аударылған қолжазбаның бүгінгі таңда жалғыз нұсқасы сақталған. Қазіргі кезде Стамбул қаласында Топкапы сарай мұражайының жазба ескерткіштер кітапханасында

(Ш. Ахмет атындағы бөлімінде 3468 нөмірімен) сақталған. «Мәмлүктер билігі тұсында қыпшақ тілінде жазылған кітаптардың бірі «Муният-ул-ғузат» деп аталады. Арабтар түркілерді «Ғуз» (көпше түрі – «Ғузат») деп те атаған. «Ғуз» сөзі «оғыз» атауынан шыққан. Сыр бойынан Кіші Азия жеріне жылжыған селжүктердің негізгі құрамын толықтырған оғыз-қарлұқ тайшалары ержүректілігімен бір беделге ие болған еді. Сондықтан да арабтар арасында оғыз атауы қыпшақтар билікке келгенге дейін түркі сөзінің баламасы болды. «Түркілердің тілегі» деген мағынаны беретін бұл шығарманы аты-жөні белгісіз бір аудармашы Тимур бектің әмірі бойынша Мысыр жерінде араб тілінен аударған» [10]. Бұл кітапты құрастырушының аты-жөні белгісіз. Әйтсе де еңбектің кіріспе бөлімінде трактатты құрастырушы бұл еңбекті сұлтан жасағының басшысы Темур бегтің тапсырысы бойынша аударып шыққанын айтады. Белгісіз аудармашы Темур-бегтің қарамағына қызметке келгенде оған бектің: «Бізде қару туралы араб тілінде кітап бар. Егер де осы кітапты түркі тіліне аударсаң сарбаздар үшін үлкен пайда алып келер едің, ал саған осы жұмысың үшін үлкен сыйақы беріледі» деген сөзі жазылған. Осы аударма жұмысының нәтижесі «Муният-ул-ғузат» трактаты болды. «Муният-ул-ғузат» еңбегін зерттеген зерттеушілер бұл шығарманың араб тіліндегі бастапқы нұсқасы туралы әртүрлі пікірлер айтады. Х. Риттер, Я. Экманн, К. Озтопчуның тұжырымдауынша, бұл трактат VIII ғасырдағы араб авторы Мухаммед Ибн Я'куба Ибн Ахи Хизаманың (кейбір дереккөздерде Хаззама) «Китаб ал-фурусийа ва-л-байтара» шығармасына негізделеді. Ал Ф.Э. Каратай бұл «Муният-ул-ғузат» еңбегінің қайнар көзі араб тілінде жазылған «Ал-фурусийа фи рамй ал-джихад» атты трактат деп есептейді. Мәмлүк-қыпшақ әскери «Муният-ул-ғузат» атты трактатты Ибн Ахи Хизаманың «Китаб ал-фурусийа ва-л-байтара» еңбегімен салыстыра зерттеген ғалымдар В.В. Понарядов пен В.Н. Мушаев «Синтетическое и аналитическое подчинение в мамлюкско-кыпчакском военном трактате «Мунйат ал-ғузат» атты мақаласында «Муният-ул-ғузат» трактаты Ибн Ахи Хизаманың «Китаб ал-фурусийа ва-л-байтара» еңбегінің «Китаб ал-фурусийа» деп аталатын әскери бөлімінің мазмұнымен терең ұқсастығын атап өтеді. «Все же сличение текстов позволяет заключить, что «Муният-ул-ғузат» является скорее не переводом «Китаб ал-фурусийа», а весьма точным пересказом содержания этой книги» [11, 82].

Мәмлүк қыпшақтары тілінде «Китаб байтарату'л-вазих» («Китаб байтарату'л-уазих») (арабша: *حوض أول قرطيب بانك*) – «Жылқы емдеу туралы кітап» еңбегі жылқы малына байланысты жазылған ветеринарлық кітаптардың бірі. «Байтарату'л-вазих» шығармасы ескі қыпшақ тілінде жазылған орта ғасырлық құнды жазба ескерткіштерінің қатарында. «Байтарату'л-вазих» арабша «Байтара» ветеринарлық кітабының Махдум Толу-бегтің тапсырысы негізінде жасалған аудармасы. Бұл аударма түркі-ислам медицинасы бойынша жазылған еңбектердің ішінде өте маңызды орын алады. Жазба еңбегінде жылқы малы бойындағы аурулар мен түрлі қасиеттерін, сыр-сипаттарын сипаттау ережелері белгіленеді, кейбір ауруларды емдеуге практикалық кеңестер беріледі, дәрі-дәрмектер мен аудармашының тәжірибесі көрсетіледі. Шығарманың араб тілінен аударма болуы да араб және түркі медициналық терминдерін салыстыруға мүмкіндік береді.

«Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші ветеринария тақырыбында құнды мәліметтер беретін шығарма. Кітапта жылқы күтіміне байланысты мәліметтер, жылқылардың денсаулығын сақтау және жақсарту әдістері сипатталған. Жылқыларды дұрыс азықтандыру, күтім жасау және оларды күту жолдары туралы кеңестер беріледі. Жылқылардың жиі кездесетін аурулары мен оларды емдеу әдістері жайлы мағлұматтар берілген. «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткіші – ветеринария тақырыбындағы медициналық терминдерді қалыптастырған маңызды шығарма. Жазба ескерткіште ветеринарлық медицинаның көптеген терминдерін қалыптастырған және олардың жүйеленуіне негіз болған. Ветеринарлық тәжірибеде қолданылған және осы саладағы білімнің дамуына әсер еткендігі анық. Бұл еңбек ортағасырлық мамлюк-қыпшақ қоғамының мәдениеті мен ғылымын, сондай-ақ олардың жылқы мен атбегілікке қатысты білімдерін түсінуге мүмкіндік береді. «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінің қыпшақ тілінің ғылыми

лексикасының дамуы мен орта ғасырлық ветеринарлық еңбектердің тілдік ерекшеліктерін зерттеуде құнды материал. Жазба ескерткіш қазіргі тіл білімі мен мәдениеттану салалары үшін маңызды дереккөз және тарихи, лексикалық және мәдени зерттеулерге негіз болатын ескерткіш. «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінде аттың сипатына байланысты мол мағлұмат берілген. «Мейірімді және рақымды Алланың атымен бастаймын» деп басталатын еңбек Алла Тағаланың адам баласына ақыл мен түсінік беріп, барлық нәрселерді адамның қызметіне бағындырғанын атап өтеді. Сонымен қатар, адамға аңғарымпаздық қасиет дарытып, соның нәтижесінде олар жануарлардың жақсы мен жаманын білуге қабілеті бар екендігін айтып өтеді. Аттың қасиетін білген түркілер жақсы аттың түр-түсі де жақсы болатындығын, сондықтан аттың қасиетін анықтау үшін, оның бітіміне, жаратылысына байыптап қарау керектігін білген. Аттың сыны мен бабы, жүйрік, бәйге аттардың түрлері және жылқыда кездесетін аурулар мен оны емдеудің әдіс-тәсілдері ежелден-ақ түркі халықтарының дәстүрлі мәдениетінің бір бөлшегіне айналғаны белгілі.

«Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінің екі нұсқасы бар. Оның біреуі Ыстамбұлдағы Топқапы сарайы мұражайының кітапханасы, Реван Көшкү бөлімінде 1695 нөмірімен тіркелген. Жазба ескерткіштің Ыстамбұлдағы нұсқасы титул бетін есептеменде 69 беттен тұрады. Екінші нұсқа Париждің ұлттық кітапханасының Түрік бөлімінде 179 нөмірмен тіркелген. Жазба ескерткішті ғылыми әлемге алғаш Саадет Чағатай таныстырды. Шығыстанушылардың Мюнхен конгресінде жасаған хабарламасында Саадет Чағатай шығарманың тілі туралы қысқаша мәлімет берген. Жазба ескерткішті М. Агар [12], Ж. Өзгүр [13], К. Озтопчу [14] бастырып шықты. Бұл туралы қыпшақтанушы ғалым «Байтарату'л-вазих» – «Коневодство», перевод с арабского по заказу Махдума Толубея. По двум спискам – библиотеки Ревана Кошкю при дворце Топкапы в Стамбуле и Национальной библиотеки в Париже трактат, обнаруженный Саадетом Чагатаем, издан Мехметом Эмином Агаром, Джаном Озьгюром и Куртулушем Озьтопчу» [15, 38] деп атап көрсетеді.

Мехмет Емин Агар 1986 жылы магистрлік диссертациясында ескерткіштің Ыстамбұл нұсқасының мәтінін транскрипциялап және индекс сөздігін жасады [12]., Жан Өзгүр ескерткіш материалдары негізінде 1994 жылы «Байтаратұл Вазыһтың қыпшақша және түрікменше жазбалары бойынша қыпшақ тілінің түркменшеге айналуы (огыздануы)» атты докторлық диссертация қорғаған [13]. К. Озтопчунің мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері жайлы бірнеше зерттеу еңбектері бар [14,16,17,18,19].

Тарихта өзіндік із қалдырған түркі-қыпшақ тіліндегі құнды жазба ескерткіштердің бір бөлігі Мысыр мен Шам аймағында пайда болған. Мәмлүктер билігі кезеңінде Мысырда кеңінен қолданылған мәмлүк-қыпшақ тілі әртүрлі тақырыптық-мазмұндық сипаттағы жазба ескерткіштердің пайда болуына тікелей әсер етті. Мәмлүк қыпшақ кезеңінде әртүрлі жазылған еңбектер мен сөздіктер пайда болған. Осы кезеңде жазылған «Китаб ал-идрак ли лисани әл-атрак», «Китабу мажжму' тарджуман турки уә а'джами уә муғули уә фарси». атты еңбектердің құндылығын «Түркі лексикографиясы: екітілді аударма сөздіктерінің құрылымдық-мазмұнды сипаты» («Turkic lexicography: the structured-content character of bilingual translations dictionaries») [20] атты зерттеуде атап өтеді. Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі жазба ескерткіштер, әсіресе «Байтарату'л-вазих» қолжазбасы, тарихи, лингвистикалық және ғылыми тұрғыдан үлкен маңызға ие. Бұл қолжазбаларды зерттеу арқылы мәмлүк дәуіріндегі қыпшақтардың мәдениеті мен тілінің даму деңгейін түсінуге, сондай-ақ сол кездегі ветеринария ғылымының дамуын анықтауға мүмкіндік береді. Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі жазба ескерткіштерді зерттей келе, төмендегідей нәтижелерді ұсынып отырмыз:

- Мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған орта ғасырлық жазба ескерткіштердің тарихи және лингвистикалық мәні зор. Мәмлүк дәуіріндегі қыпшақ тілі – түркі тілдерінің маңызды бір тармағы. Ол мәмлүк мемлекетінде ресми және әкімшілік, әдеби тіл ретінде қолданылған. Қыпшақ тіліндегі жазба ескерткіштер мәмлүк қыпшақтарының мәдениеті мен тілінің деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Мәмлүк дәуіріндегі қыпшақ тілінде

жазылған сөздіктер мен грамматикалық еңбектер, нұсқаулықтар мәмлүк қыпшақтарының мәдениеті мен тілінің дамуын байқатады. Бұл еңбектер мәмлүк қоғамындағы тілдік және мәдени байланыстарды нығайтып, қыпшақ тілінің кеңінен таралуына ықпал етті. Сонымен қатар, бұл еңбектер қазіргі заманғы түркология ғылымы үшін құнды дереккөздері ретінде саналады.

- «Байтарату'л-вазих» – лингвистикалық тұрғыдан маңызды қолжазба. Ескерткіш лексикасын зерттеу арқылы, оның қыпшақтану ғылымы үшін маңыздылығын анықтауға болады. Жазба ескерткіште қолданылған терминдер мен сөздер мәмлүк қыпшақтарының тілі мен мәдениетінің ерекшеліктерін айқындайды. Бұл қолжазба арқылы мәмлүк қыпшақтарының өмір сүру салты, тұрмысы, шаруашылығы туралы көптеген ақпарат алуға болады. Мәмлүк қыпшақтарының мал шаруашылығы мен атбегілік өнерге терең мән бергені осы жазбада анық көрінеді. Бұл қолжазбаларды зерттеу қыпшақ тілі мен мәдениетін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

- Мәмлүк-қыпшақ кезеңінде пайда болған жазба ескерткіштер әртүрлі ғылым салаларының дамуын байқатады. Грамматикалық еңбектер мен сөздіктер тіл білімі ғылымының, ал «Байтарату'л-вазих» қолжазбасы мәмлүк дәуіріндегі ветеринария ғылымының дамуын көрсетеді. Ондағы емдеу әдістері мен ат баптауға арналған кеңестер тамыры тереңде жатқан атбегілік өнердің мол ғылыми негізі бар тәжірибесін айғақтайды. Сонымен қатар, қолжазбаны зерттеу арқылы түркология, тарих, мәдениеттану және жылқытану ғылымдарының дамуына үлес қосуға болады. Мәмлүк қыпшақтары тіліндегі жазба ескерткіштер, әсіресе «Байтарату'л-вазих» қолжазбасы, тарихи, лингвистикалық және ғылыми тұрғыдан үлкен маңызға ие. Бұл қолжазбаларды зерттеу арқылы мәмлүк дәуіріндегі қыпшақтардың мәдениеті мен тілінің даму деңгейін түсінуге, сондай-ақ сол кездегі ветеринария ғылымының дамуын анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Еліміздің басты рухани дамуының көзі қазақ тілінің тарихын зерделесек, мәмлүк қыпшақ жазба ескерткіштеріне барып сүйенеріміз заңды. Орта ғасыр қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер – түркі халықтарының тарихы, мәдениеті, әдебиеті, тілі, тұрмыс-тіршілігі, таным-түсінігі мен діни сенімдері жайлы мол мәлімет беретін асыл мұрасы. Мәмлүк қыпшақтары дала өркениетінің дәстүрін сақтай отырып, әдеби-мәдени құндылықтар мен ғылым тілінің қыпшақ тілінде дамуына үлкен күш жұмсады. Мәмлүк қыпшақтары билік құрған заманда қыпшақ тілінде жазылған грамматикалық оқу құралдары, қыпшақ-араб сөздіктері, әскери трактаттар, жылқы малын емдеуге арналған еңбектер, әдеби шығармалар мен ауызша халық шығармашылығы мәмлүк қыпшақтарының мәдениеті мен тілінің дамуына үлкен үлес қосты. Бұл еңбектер қыпшақ тілінің морфологиялық және синтаксистік құрылымын түсіндіруге, араб тіліндегі түсініктермен салыстыра отырып тілді үйренуге арналған маңызды құралдар болды. Мәмлүк-қыпшақ кезеңінде жазылған еңбектер мәмлүк қыпшақтарының тілдік мұрасын зерттеу тіл білімі, түркология, тарих және мәдениеттану ғылымдары үшін құнды дереккөздері болып табылады. Мәмлүк қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер мәмлүк дәуіріндегі қыпшақтардың тілдік ерекшеліктерінен, мәдениеті мен рухани құндылықтарынан мол ақпарат береді. Осыған орай, мақалада орта ғасырлық мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштердің бүгінгі күндегі маңызы айқындалды.

Мәмлүк қыпшақтарының әскери дәстүрлері, жауынгерлік өнері, атбегілік және мал дәрігерлік тәжірибелері олардың өмірінің маңызды бөлігі болған. Бұл дәстүрлер арқылы олар өздерінің әскери күшін сақтап, дамытып отырған. «Байтарату, л-вазих» – орта ғасырлық әскери өнер мен ветеринария туралы маңызды жазба ескерткіш. Оның мазмұны сол заманның әскери жануарларын күту мен емдеуде қолданылған әдістер мен тәжірибелер туралы құнды мәліметтер береді. Бұл кітаптың маңыздылығы қазіргі күнде ветеринария мен әскери тарихты зерттеушілер үшін де зор. «Байтарату, л-вазих» еңбегі әлі күнге дейін қазақ ғалымдары тарапынан толық зерттелмеген еңбектердің бірі. Бұл жазба

ескерткіштің тілін зерттеу барысында тіл білімі, тарих, қазақ мәдениеттану, түркология ғылымдары тың деректермен толығындығы анық.

Қорытындылай келе, мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштер бүгінгі күнге дейін өз құндылығын жоғалтпаған, әлі де көп зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелердің бірі. Мақалада орта ғасырлық мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері тақырыптық-мазмұндық жағынан топтастырылып, атбегілік өнерге байланысты жазба ескерткіштер талданды. Соның ішінде «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінің тіл білімі үшін маңызы айқындалып, «фурусийа» жанрының өзіндік ерекшелігі анықталды. Мәмлүк қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштерді зерттеу еліміздің мәдени мұрасын сақтауға, қазақ тілінің даму тарихын тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. К.А. Батырбекова – мақаланың негізгі идеясы мен тұжырымдамасын айқындап, зерттеу материалдарына талдау жүргізді және мақаланың негізгі бөлігін жазуға өз үлесін қосты. С.Р. Боранбаев – мәмлүк қыпшақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін айқындап, мақала тақырыбына қатысты шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін зерделеуге қатысты. Н.С.Халикова – мақала тақырыбы бойынша талдау жасауға қажетті дереккөздерді жинауға және мақаланы рәсімдеуге ат салысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Көмеков Б.Е. Қазақ мемлекетінің тарихы және Қазақ хандығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 46 б.
2. Серкебаева Г.Ы., Боранбаев С.Р., Әділбекова Ж.Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі көнерген лауазым атауларының «Кодекус куманикус» жазба ескерткішіндегі этнолингвистикалық сипаты//Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №1(142) – Б.67-74
3. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1977. – 272 б.
4. Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. –Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017. – 656 б.
5. Сабыр М. Қыпшақтану. – Алматы: «Liber» баспасы, 2021. – 256 б.
6. Мәмлүктердің атбегілік өнері [Электронды ресурс]. – 2019. – URL: <https://argymaq.kz/archives/6887> (қаралған күні: 15.06.2024)
7. Байниязов А.Ж., Байниязова Ж.Т. Түрікше-қазақша сөздік. – Алматы, 2007. – 808 б.
8. Большой арабско-русский словарь. 250 000 слов и словосочетаний. – Москва: ООО «Дом Словянской книги», 2010. – 640 с.
9. Понарядов В.В. Ибн Ахи Хизам у истоков средневековой мусульманской литературы жанра «фурусийа» // Ориенталистика. – 2023, – Т. 6, 5. – С. 1001-1009
10. Алтын Орда дәуіріндегі Қыпшақ-Мәмүлік әдебиеті өкілдерінің шығармашылығы. [Электронды ресурс]. – URL: [Dashti Kurpachak \(edq.kz\)](https://www.dashti.kz) (қаралған күні 20.06.2024)
11. Понарядов В.В., Мушаев В.Н. Синтетическое и аналитическое подчинение в мамлюкско-кыпчакском военном трактате «Мунйат ал-гузат» // Вестник Калмыцкого университета. [Электронный ресурс]. – 2023. – №2(58). – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sinteticheskoe-i-analiticheskoe-podchinenie-v-mamlyuksko-kypchakskom-voennom-traktate-munyat-al-guzat> (дата обращения: 22.11.2024).
12. Ağar M. E. Baytaratu'l-vazih. – İstanbul: Marmara Üniversitesi, 1986, – 400 p.
13. Özgür C. Baytaratü'l-Vâzih'in Kıpçak ve Türkmençe Yazmalarına Göre Kıpçakçanın Oğuzçalaşması: Türkmenleşmesi üzerine Bir Dil Araştırması. Basılmamış Doktora Tezi. – İstanbul Üniversitesi, 1994. – 111 p.

14. Öztöpcü K. Memlûk Kıpçakçasiyla Yazılmış Bir Atçılık Risalesi: Kitab Baytaratu'l-Vazih" // Journal of Turkish Studies. – 2000. – № 24/II. – 189-229 p.
15. Гаркавец А.Н.: Codex Cumanicus. Полное издание в 4 томах. – Алматы: Баур, 2015. – 1348 с.
16. Öztöpcü K. Memlûk Kıpçakçasiyla Yazılmış Kaynaklardaki Okçuluk Terimleri" // Journal of Turkish Studies. – 2004. – № .28/III. – 257-274 p.
17. Öztöpcü K. Kısa Memlûk Kıpçakçası Grameri // Türk Dilleri Araştırmaları. – 2007. – № 17 (2007). – 249-282 p.
18. Öztöpcü K. A Fourteenth Century Mamluk-Kipchak Treatise on Veterinary Sciences: Kitab fi riyazati'l-khayl" // Journal of Turkish Studies. – 1993. – № .17 (1993). – 153-170 p.
19. Öztöpcü K. A Mamluk-Kipchak Manual from the 14th Century: Kitab fi 'ilmi'n-nussab" // Yearbook of Oriental Studies. – 1990. – № 47/1(1990). – P. 5-63.
20. Taimullina K., Sagidolda G., Zhylykybay G., Meirambekova L., Sarekenova K. Turkic lexicography: the structured-content character of bilingual translations dictionaries // Opción: Revista de Ciencias Humanas y Sociales. – 2020. – № 91. – P. 702-717.

К.А. Батырбекова¹, С.Р. Боранбаев², Н.С. Халикова³

^{1,2}Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

³Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова, Шымкент, Казахстан

Письменные памятники, написанные на языке мамлюкских кипчаков и важность рукописи «байтарату'л-вазих»

Аннотация. В статье рассматриваются письменные памятники, написанные на мамлюкско-кыпчакском языке средневековья, в том числе анализируются проблемы, связанные с памятником «Байтаратуль-вазих». Исследование связи между языком кыпчакских письменных памятников и современным казахским языком позволяет выявить историко-генетические связи между ними и определить направления их исторического развития. В статье анализируются средневековые мамлюкско-кыпчакские письменные памятники, связанные с коневодством, лошадьми и военным искусством, включая «Китаб фи риядат ал-Хайл», «Китаб Байтарат ал-Вадих», «Муньят ал-Гузат» и «Китаб фи илм ан-Нушшаб». Были определены основные особенности рукописи «Байтарат ал-Вадих». «Байтарат ал-Вадих» представляет собой труд по ветеринарным услугам, связанным с коневодством и лошадьми. Как значимый труд в области ветеринарии, рукопись «Байтарат ал-Вадих» предоставляет обширную информацию, позволяющую изучать развитие научной лексики в кыпчакском языке, а также культурную, духовную и социальную жизнь средневековых кыпчаков. В статье анализируются структура, содержание, язык и историческое значение этой рукописи, а также рассматривается её важность для современных лингвистики и культурологии.

Введение письменных памятников, написанных на мамлюкско-кыпчакском языке, в научный оборот и всестороннее изучение их особенностей представляют собой важные задачи для современного казахского языкознания. В связи с этим основная цель статьи – определить значимость средневековых письменных памятников на мамлюкском кыпчакском языке для казахского народа, их роль в науке и культуре казахского народа, а также выявить основные особенности труда «Байтаратуль-вазих».

Ключевые слова: мамлюкско-кыпчакский язык, средневековые рукописи, исторические письменные наследия, письменный памятник «Байтаратуль-вазих», коневодство, ветеринарная книга, этнические группы.

K.A. Batyrbekova¹, S.R. Boranbaev², N.S. Khalikova³

^{1,2}*M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan*

³*O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan*

Written monuments written in the mamluk kipchak language and the importance of the baitaratu'l-wazih manuscripts

Abstract. The written monuments in Mamluk-Kipchak language of Middle Ages, including problems associated with monument "Baytaratul-vazih" is considered in the article. The study of the connection between the Kipchak language of written monuments and the modern Kazakh language allows to identify historical and genetic links between them and determine directions of historical development. Medieval Mamluk-Kipchak written monuments related to horse breeding, horses and military art, including "Kitab fi riyadat al-Khail", "Kitab Baytarat al-Wadih", "Munyat al-Guzat", "Kitab fi ilm al-Nushshab" were analyzed. Main features of Baitarat al-Wadih manuscript were identified. The manuscript "Baytarat al-Vadih" is a work on veterinary services related to horse breeding and horses. As significant work in veterinary medicine field, manuscript "Baytarat al-Vadih" provides extensive information that allows to study development of scientific vocabulary in the Kipchak language and culture.

The introduction of written monuments in Mamluk Kipchak language into scientific circulation and comprehensive study of their features are important tasks for modern science of Kazakh linguistics. In this regard, main purpose of article is to determine importance of medieval written monuments in Mamluk Kipchak language for Kazakh people, their role in science and culture of Kazakh people, as well as to identify main features of the work "Baytaratu'l-vazih".

Keywords: Mamluk-Kipchak language, medieval manuscripts, historical written heritage, scriptural monument "Baitaraty'l-vazih", horse breeding, veterinary book, ethnic groups.

References

1. Komekov B.E. Kazak memleketinin tarihy zhane Kazak handygy [History of the Kazakh state and the Kazakh Khanate] (Kazak University, Almaty, 2015, 46 p.) [in Kazakh]
2. Serkebaeva G.Y., Boranbaev S.R., Adilbekova Zh.K. Kazirgi kazak tilindegi konergen lauazym ataularynyn «Kodekus kumanikus» zhazba eskertkishindegi etnolingvistikalik sipaty [Ethnolinguistic character of obsolete job titles in the modern Kazakh language on the written monument "Codecus cumanicus"], Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Philology Series, №1 (142), 67-74 (2023) [in Kazakh]
3. Aidarov G., Kuryshzhanov A., Tomanov M. Kone turki zhazba eskertkisherinin tili [The language of ancient Turkic written monuments]. (Mektep, Almaty, 1977, 272 p.) [in Kazakh]
4. Mamyrbekova G. Kazak tilindegi arab-parsy sozderinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of Arabic-Persian words in the Kazakh language] (Memlekettik tildi damytu insituty, Almaty, 2017, 656 p.) [in Kazakh]
5. Sabyr M. Kypshaktanu [Kipchak] (Liber, Almaty, 2021, 256 p.) [in Kazakh]
6. Mamlukterdin atbegilik oneri – Argymak Ul'tyq tanymdyk portaly [Equestrian art of the Mamluks-Argymak national educational portal]. – Available at: argymaq.kz (accessed 15.06.2024) [in Kazakh]
7. Bainiyazov A.Zh., Bainiyazova Zh.T. Turikshe-Kazaksha sozdik [Turkish-Kazakh dictionary]. (Almaty, 2007, 808 p.) [in Kazakh]
8. Bol'shoj arabsko-russkij slovar'. 250 000 slov i slovosichetaniy [A large Arabic-Russian dictionary. 250,000 words and phrases]. (Dom Slovyanskoi knigi, Moscow, 2010, 640 p.) [in Russian]
9. Ponarjadov V.V. Ibn Ahi Hizam u istokov srednevekovoj musul'manskoj literatury zhanra «furusijja» [Ibn Ahi Hizam at the origins of medieval Muslim literature of the furusiyya genre], Orientalistika, Vol. 6, 5, 1001-1009 (2023). [in Russian]

10. Altyn Orda daurindeki Kypshak-Mamulik adebiyeti okilderinin shygarmashylygy [Creativity of representatives of Kipchak-Mamulik literature of the Golden Horde era]. – Available at: Deshti Kypchak (edq.kz) (accessed 20.06.2024). [in Kazakh]
11. Ponarjadov V.V., Mushaev V.N. Sinteticheskoe i analiticheskoe podchinenie v mamljuksko-kypchakskom voennom traktate «Munjat al-guzat» [Synthetic and analytical subordination in the Mamluk-Kipchak military treatise "Munyat al-guzat"], Bulletin of Kalmyck University, 2(58), 2023. [in Russian]
12. Ağar M. E. Baytaratu'l-vazih [Baytaratu'l-wazih]. (Marmara Üniversitesi, İstanbul, 1986, 400 p.). [in Turkish]
13. Özgür C. Baytaratü'l-Vâzih'in Kıpçak ve Türkmence Yazmalarına Göre Kıpçakçanın Oğuzcalaşması: Türkmenceleşmesi üzerine Bir Dil Araştırması [According to Baytaratu'l-Wazih's Kipchak and Turkmen Writings, the Hollowing Out of Kipchak: A Language Study on the Turkmenization] (İstanbul Üniversitesi, 1994, 111 p.). [in Turkish]
14. Öztopçu K. Memlûk Kıpçakçasiyla Yazılmış Bir Atçılık Risalesi: Kitab Baytaratu'l-Vazih" [A Manual of Horsemanship in Mamluk-Kipchak: Kitab Baytaratu'l-Vazih], Journal of Turkish Studies, 24/II, 189-229 (2000) [in Turkish]
15. Garkavec A.N: Codex Cumanicus. Polnoe izdanie v 4 tomah [Codex Cumanicus. The complete edition in 4 volumes] (Baur, Almaty, 2015, 166 p.). [in Russian]
16. Öztopçu K. Memlûk Kıpçakçasiyla Yazılmış Kaynaklardaki Okçuluk Terimleri" [Archery Terminology in the Mamluk-Kipchak Sources], Journal of Turkish Studies, 28/III, 257-274 (2004) [in Turkish]
17. Öztopçu K. Kısa Memlûk Kıpçakçası Grameri" [A Short Mamluk-Kipchak Grammar] (in Türk Dilleri Araştırmaları, 17, 249-282 (2007) [in Turkish]
18. Öztopçu K. A Fourteenth Century Mamluk-Kipchak Treatise on Veterinary Sciences: Kitab fi riyazati'l-khayl", Journal of Turkish Studies, 17, 153-170 (1993) [in Turkish]
19. Öztopçu K. A Mamluk-Kipchak Manual from the 14th Century: Kitab fi 'ilmi'n-nussab", Rocznik Orientalistyczny, 47/1, 5-63 (1990) [in Turkish]
20. Taimullina K., Sagidolda G., Zhylykybay G., Meirambekova L., Sarekenova K. Turkic lexicography: the structured-content character of bilingual translations dictionaries, Opción: Revista de Ciencias Humanas y Sociales, 91, 702-717 (2020). [in English]

Авторлар туралы мәлімет:

Батырбекова К.А. – хат-хабар үшін автор, PhD докторант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан. E-mail: kamshat.batyrbek@mail.ru, ORCID: 0009-0006-2376-921X.

Боранбаев С.Р. – филология ғылымдарының докторы, доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан. E-mail: sandybai60@mail.ru, ORCID: 0000-0002-5596-737X.

Халикова Н.С. – филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан. E-mail: khalikova_nurila1976@mail.ru, ORCID: 0000-0002-1360-0131.

Батырбекова К.А. – автор для корреспонденции, PhD докторант, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан. E-mail: kamshat.batyrbek@mail.ru, ORCID: 0009-0006-2376-921X.

Боранбаев С.Р. – доктор филологических наук, доцент, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан. E-mail: sandybai60@mail.ru, ORCID: 0000-0002-5596-737X.

Халикова Н.С. – кандидат филологических наук, старший преподаватель, Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова, Шымкент, Казахстан. E-mail: khalikova_nurila1976@mail.ru, ORCID: 0000-0002-1360-0131.

Batyrbekova K.A. – corresponding author, PhD student, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: kamshat.batyrbek@mail.ru, ORCID: 0009-0006-2376-921X.

Boranbaev S.R. – Doctor of Philology, Associate Professor, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: sandybai60@mail.ru, ORCID: 0000-0002-5596-737X.

Khalikova N.S. – Candidate of Philology, Senior Lecturer, O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan. E-mail: khalikova_nurila1976@mail.ru, ORCID: 0000-0002-1360-0131.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).